



ТӘРБИЕ

ӘКЕ ӨНЕГЕСІ – БАЛАҒА ҰЛАҒАТ



«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген халық нақылына сүйенсек, осы нақылдың жалғасындай болып «Ұлдың ұяты – әкеге, қыздың ұяты – шешеге» деген аталы сөзді дана халқым әдемілеп жеткізген ғой. Ұлтымыздың ұлттық құндылыққа бай бала тәрбиесінің бастауы бала құрсаққа біткеннен басталатыны қандай ғажап десеңізші! Ол – өз алдына бір бөлек өңгіме.

БӨРЕКЕЛДІ!

АУДАН НАМЫСЫН АБЫРОЙМЕН ҚОРҒАҒАН АҚМАРАЛ



Жақында Сағыз орта мектебінде «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» атты жас мұғалімдердің аудандық байқауы өтіп, оған жеті жас педагог қатысты. Олар бірінші кезеңде ашық сабақ берсе, екінші кезеңде «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» тақырыбында эссе жазды. Ал үшінші кезеңде «Шығармашылық жолдың бастамасы» TEDx форматында таныстырылым жасады.

Гүлмира ПЛЕГЕНОВА

— Байқаудың басты мақсаты — жас маманның шығармашылығын шыңдап, педагогтердің әдеуметтік мәртебесін, инновациялық белсенділіктерін дамыту. Әрі қарай кәсіби шеберліктерін жетілдіру. Қатысушы жас мамандардың жұмысқа деген ынтасының жоғары екендігін байқадық. Барлығы да жақсы дайындықпен келген, - дейді аудандық әдістемелік орталықтың әдіскері Жаншат Нұрғалиева.

Нәтижесінде Қарақол орта мектебінің мұғалімі Ақмарал Жауынбай I орынға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алған еді. Таяуда ол облыстық кезеңде аудан намысын абыроймен қорғап, II орынға ие болды. Он бес үміткердің ішінен оза шапқан жерлесіміз — математика пәнінің мұғалімі. Аудан абыройын асқақтатқан жас ұстазға шығармашылық табыс тілейміз.

Жақында Атырау қаласында ұлттық спортты дамытып, спортшылар шеберлігін шыңдау мақсатында 2009-2010, 2011-2012 жылы туған ұлдар және қыздар арасында тоғызқұмалақтан жекелей чемпионат болып өтті.

Гүлмира МАҚСОТ

СӘТТІЛІК СЕРІК БОЛСЫН, ИНЖУ!



Оған Қызылқоға балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушысы Инжу Нұржанқызы қатысып, бақ сынады. Онда ол Атырау, Құлсары қалалары мен Махамбет, Индер аудандарынан қатысқан ойыншыларымен бақ сынасып, тоғызқұмалақтың блиц, классика түрлері бойынша III орынға ие болды. Сондай-ақ Инжу наурыз айында тоғызқұмалақтан өтетін Қазақстан Республикасы чемпионатында 15 жас ерекшелігі бойынша облыс құрамасының сапында облыс намысын қорғайды.

— Инжу Нұржанқызы алты жасынан бастап тоғызқұмалаққа қатысады. Осы уақытқа дейін бірнеше дүркін облыс чемпионы атанса, Ақмола облысы, Ерейментау қаласында өткен республикалық турнирде екінші орын иеленді. Ол өте салмақты. Жылдам ойлап, қарсыластың тактикасына төтеп бере алады. Кішкентайынан қатысып келе жатқан соң қарсыластарының да қыр-сырын біледі. Оларға қарсы өзіндік әдіс-тәсілдерімен ойнайды. Инжудің болашағынан зор үміт күтеміз, - дейді Қызылқоға балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тоғызқұмалақтан жаттықтырушысы Шынар Күздеубаева. Ендеше, «Сәттілік серік болсын, Инжу!» деген тілек білдіреміз.

ҚОРШАҒАН ОРТА

БАЛЫҚ ТА БАЙЛЫҚ КӨЗІ

Қаңтар айында ауа райының салқындауы өзен-көлдердегі мұзды одан әрі қалыңдата түсті. Мұздың қалыңдауы су астындағы балықтарға оттегі жетіспеуін туындатты. Мұндай келеңсіз оқиғаның алдын алу мақсатында Индер балық инспекциясы мамандары Тасшағыл ауылындағы көлдердің мұзын ойып, оттегі жіберді.

Өз тілшіміз

Бұл судағы тіршілік иелері үшін өте маңызды. Өйткені мұз қатып, қардың қалың түсуінен балықтарға жарық пен ауа бармай, қырылып қалуы мүмкін.

— Жақында Индер балық инспекциясының басшысы Сәуірбек Рысмағамбетов мамандарымен келіп, Арал және Бәйтік көлінен көлемі 2x4 болатын алты ойық ойды. Бұл шараға ауыл жастары мен еріктілер де қатысты. Сөйтіп олар судағы тіршілік иелерінің тыныс алуына жағдай жасады, - дейді Тасшағыл ауылдық округінің әкімі Бауыржан Кереев.



САЙЛАУ – 2026

Қызылқоға ауданы Тайсойған ауылдық округі әкімі лауазымына тіркелген кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі

№	Аты-жөні	Өткізу орны	Уақыты
1	Газезова Алмагүл Әлібекқызы	Тайсойған ауылы, А.Самарханова көшесі, 40 үй, «Ғ.Сланов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	10.02.2026 ж сағат 10.00
		Тайсойған ауылы, Ғ.Сланов көшесі, 4 үй, «Тайсойған ауылдық клубы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	13.02.2026 ж сағат 10.00
		Тайсойған ауылы, А.Самарханова көшесі, 41 үй, «Қызылқоға аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Тайсойған фельдшерлік-акушерлік пункті	17.02.2026 ж сағат 10.00
2	Бекешов Нурлан Муратович	Тайсойған ауылы, А.Самарханова көшесі, 40 үй, «Ғ.Сланов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	10.02.2026 ж сағат 15.00
		Тайсойған ауылы, Ғ.Сланов көшесі, 4 үй, «Тайсойған ауылдық клубы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	13.02.2026 ж сағат 16.00
		Тайсойған ауылы, А.Самарханова көшесі, 41 үй, «Қызылқоға аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Тайсойған фельдшерлік-акушерлік пункті	17.02.2026 ж сағат 15.00
3	Қазыбеков Қуанышбек Амангелдіұлы	Тайсойған ауылы, А.Самарханова көшесі, 40 үй «Ғ.Сланов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	10.02.2026 ж сағат 11.00
		Тайсойған ауылы, Ғ.Сланов көшесі, 4 үй, «Тайсойған ауылдық клубы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	13.02.2026 ж сағат 11.00
		Тайсойған ауылы, А.Самарханова көшесі, 41 үй, «Қызылқоға аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Тайсойған фельдшерлік-акушерлік пункті	17.02.2026 ж сағат 12.00

Қызылқоға аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Қызылқоға ауданы Тайсойған ауылдық округінің әкімін сайлауда кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыруға бөлінген орындар ТІЗБЕСІ

№	Ауылдық округ атауы	Үгіттік баспа материалдар орналастыру үшін орындар
1	Тайсойған ауылдық округі	Тайсойған ауылы, «Ғ.Сланов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты жанындағы стенд

Қызылқоға аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Қызылқоға ауданы Тайсойған ауылдық округінің әкімін сайлауы бойынша кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлардың тізімі

№	Ауылдық округ	Үй-жай атауы	Мекен-жайы
1	Тайсойған ауылдық округі	«Тайсойған ауылдық клубы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны.	Тайсойған ауылы, Ғ.Сланов көшесі, 4 үй,

Қызылқоға аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ЕСКЕ АЛУ

Ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, бауырларға аяулы анамыз, немере-жиен, шөберелерінің сүйікті әжесі



Қиссола зайыбы Роза Нұрмұханованың

рухына бағышталған жылдық еске алу асы 15 ақпан күні «Қарашаңырақ» мейрамханасында өтетінін хабарлаймыз.

Еске алушы: балалары, Доссор кенті, Мақат ауданы

«Эмбаунайгаз» АҚ-ы ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдауды өткізу туралы хабарлайды, келесі мекен-жай бойынша: Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр ауылы, М.Зұлханов көшесі, 11 ғимарат, «Мұқыр» ауылдық клубында, 2026 жылдың 13 наурызында, сағат 15:00-де, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ кен орындарының ұңғымаларын жайластыру» жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімі (15 ұңғыма)
Геологиялық бөлу координаттары: СЕ 71.21'.88», ШБ 53.16' 101»
Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр ауылы
ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме:
Zoom <https://us06web.zoom.us/j/81198885496?pwd=nsLL5cpwL2VbVasyHmsldf9f7mAfIK.1>
Жеке конференцияның идентификаторы: 811 9888 5496. Кіру коды: 324368
Жобалық құжаттамамен бірікпей экологиялық порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> орналастырылған.
Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы және пошталық мекенжайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz / ekspertizyupr@mail.ru. Тел.: 8(7122)35-45-59, БСН 050140002850.
Тапсырыс беруші - «Ембімұнайгаз АҚ, 060002, Атырау қ., Уалиханов көшесі 1-ші үй., БСН 120240021112.
КОК бөлімін жобалаушы: «Инжиниринговая Компания КазНЕФТЕПРОЕКТ» ЖШС. 060000, Атырау қ-сы, Б. Құлманов, 125. ЖСН 061240005116
Байланыс жасайтын тұлға: Ильясова А. a.ilyassova85@gmail.com және 8 701 977 21 10 номері бойынша хабарласуға болады.

АО «Эмбаунайгаз» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, объявляет о проведении общественного слушания в форме открытого собрания по адресу Атырауская область, Кызылгогинский район, с.Мукыр, ул. М.Зулханова, здание 11, в сельском клубе «Мукыр», 13 марта 2026 года, в 15:00ч. по проекту: Раздел охраны окружающей среды по проекту «Обустройство скважин месторождений НГДУ «Кайнармұнайгаз» (15скважин) Координаты геологического отвода: СШ 71.21'.88», ВД 53.16' 101»
Перечень административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Атырауская область, Кызылгогинский район, Мукыр село.
Ссылка для подключения на платформе Zoom:
Zoom <https://us06web.zoom.us/j/81198885496?pwd=nsLL5cpwL2VbVasyHmsldf9f7mAfIK.1>
Идентификатор конференции: 811 9888 5496. Код доступа: 324368
Проектная документация размещена на едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, а также на сайте управления природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.
Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: ГО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», 060011, Атырауская область, г. Атырау, ул.И. Әйтеке би, 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz / ekspertizyupr@mail.ru. Тел.: 8(7122)35-45-59, БИН 050140002850.
Инициатор: АО «Эмбаунайгаз», 060002, г.Атырау, ул.Валиханова, д.1., БИН 120240021112.
Разработчик Раздела ООС - ТОО «Инжиниринговая Компания КазНЕФТЕПРОЕКТ». 060000, г. Атырау, ул. Б. Кулманов, 125. БИН 061240005116
Контактное лицо: Ильясова А. a.ilyassova85@gmail.com а также по сот.: 8 701 977 21 10.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті салық төлеуші!

Салық кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, 28 ақпанға дейін оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін хабарламаны ұсыну қажет. Хабарлама ұсынылмаған жағдайда салық төлеуші автоматты түрде жалпыға бірдей тәртіпке ауыстырылады. Хабарламаны мынадай тәсілдермен ұсынуға болады:

- Салық төлеуші кабинеті арқылы (ИСНА АЖ жүйесінде «Құжаттарды ұсыну» — «Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама» бөлімі);
- «E-Salyq Business» арнаулы мобильді қосымшасы арқылы («Сервис» — «Жеке кәсіпкердің салық режимін ауыстыру»);
- орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына қағаз түрінде;
- Kaspi Bank қосымшасында («Мемлекеттік қызметтер» — «ЖК деректемелері мен салық режимін өзгерту»).

Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті

СОТ ЗАЛЫНАН

БАЛАСЫН КЕШІРГЕН АНА



Аудандық сотта Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, 73-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін азамат Д.Б-ға қатысты әкімшілік іс қаралды.
Сотта анықталғандай азамат Д.Б. жәбірленуші өзінің анасы З.-ға алкогольдік масаң күйде айқайлап дауыс көтеріп, отбасы тыныштығын бұзып, отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамға сыйламаушылық білдірген. Бұл әрекетті бұрын әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған.
Сот отырысында Б.Д. кінәсін мойындаса, жәбірленуші З. баласына кешірім беріп, татуласқандарын мәлімдеді.
Сот қаулысымен азамат Д.Б.-ға қатысты іс жәбірленуші З.-мен татуласуына байланысты тоқтатылып, ол әкімшілік жауаптылықтан босатылды. Әйтсе де Д.Б-ға алкогольдік ішімдік ішуге толық көлемде тыйым салуды көздейтін ерекше талаптар алты ай мерзімге белгіленіп, көрсетілген уақытта аудандық полиция бөліміне бару жүктелді.

ОН ТӘУЛІККЕ ҚАМАЛДЫ



Қызылқоға аудандық сотында Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 612-бабының 3-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін азамат М.А.-ға қатысты әкімшілік іс қаралды.
Сотта анықталғандай, М.А. көлік құралын басқару құқығынан айырыла тұра ауыл ішінде «ВАЗ-2114» көлік құралын басқарған.
Сот отырысында М.А. өзінің әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кінәсін мойындады. Құқық бұзушы М.А.-ның оқиға болған күні көлік құралын басқаруға жүргізуші куәлігі болмаған.
Себебі ол Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 608-бабының 1-бөлігі бойынша аудандық соттың 2022 жылғы 3 мамырдағы қаулысымен кінәлі деп танылып, жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылып, аталған сот қаулысы заңды күшіне енген.
Сот қаулысымен, М.А. атамыш заң талаптары бойынша кінәлі деп танылып, 10 тәулік әкімшілік қамаққа алынды.

АУДАНЫҚ СОТТЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ